

Литература

- 1 Редакторская подготовка изданий: Учебник / Под ред. С.Г. Антоновой. – М., 2004. С. 258..
- 2 Французские сказки. <http://french-online.ru/>.
- 3 Биография и творчество – Шарль Перро. svitlo.ucoz.com/load/16-1-0-32
- 4 Грудкина Т.В. 100 великих мастеров прозы. – М., 2006. С. 50.

References

- 1 Editorial preparation of editions: The textbook / Under the editorship of S.G. Antonova. – М, 2004. Page 258.
- 2 French fairy tales. <http://french-online.ru/>.
- 3 The biography and creativity – Charles Perrault. svitlo.ucoz.com/load/16-1-0-32
- 4 Grudkina T.V. 100 great masters of prose. – М, 2006. Page 50.

ӘӨЖ

Р. Әбдиева*, А. Тілепберген

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: roza kkz@mail.ru

Кітап өнеріндегі ұлттық үйлесімділік жайында

Мақалада автор кітап өнеріндегі ұлттық үйлесімділік жайын қарастырады. Сондай-ақ, кітап басу мәдениетін жетілдіретін кадрлардың біліктілігін арттыру мәселесі де сарапталды. Өнердің маңызды факторы-кітаптың ұлттық үйлесімділігі.

Түйін сөздер: кітаптың ұлттық үйлесімділігі, біліктілік, кітап.

R.Əbdieva, A. Tilepbergen

Publica consensus, in libro de arte

In this article the author considers possibility of harmony in improving national meanings of books. Also contribution is made into work of recovering qualified level of designers, trying to make culture of publishing better. The main factor of culture is national harmony of a book.

Keywords: national harmony books, qualification, the book.

Р. Абдиева, А. Тлепберген

О национальной гармонии в книжном искусстве

В статье автор рассматривает гармонию национальной значимости книг, а также проблемы роста квалификационного уровня кадров, старающихся улучшить искусство книгоиздания. Значительный фактор искусства – это национальная гармония книги.

Ключевые слова: национальная гармония книги, квалификация, книга.

Стратегиялық басымдықтардың шын мәнінде өміріміздің өзегіне, нақты іс-қимылдарға айналуына, дамуымыздың процестеріне әсер етуіне қазақ кітабының қатысы мол. Сондықтан ұлттық сананы дәстүрлі дүниетаным мен шыннайы ақиқатқа негізделген ғылыми-танымдық ұғымдарымызды жүйелеу, ұлттық мәдениетімізді және мәдени мұраларымызды қастерлеп, кейінгі буынға жеткізу, өзге әлемге, адамзат тарихында болғаноқиғаларға өзкөзқарасымызды орнықтыру ісіне қазақ кітаптарының қосар үлесі қомақты. Жалпы, кітап көрінісінде мәдени үйлесімділікті ұқсастыра білу – мәтінді әспеттеудегі кәсіби әдіс, шығармашылық-техникалық сипаттағы соны технологиялық процесс, оқырманмен қарым-қатынастағы тартымды тәсіл. Алуан түрлі ой пішіндері мен жанрлық ерекшеліктерді қамтып,

олардың басын қосатын ойдағы үйлесім мен белсенді іс-әрекеттің нәтижесінде жүзеге асатын қызмет жүйесі.

Ал қазақ кітаптарындағы мәдени-ұлттық үйлесімділік дегеніміз, қазақ кітаптарының мазмұнына лайықтап жасалған мәдени түр, кескін, келбет, көрік, бейне. Бір жағынан бұл ұлттық ұқыптылықпен қатар, ұлттық әсемдікті қалыптастырады. Негізінде кітап мазмұны мен оның түрінің бірлігінде мазмұн негізгі рөлді атқарады. Ендеше, ұлттық үйлесімділік мазмұнға мәдени өң бергенімен қоса оған дәнекер, бағынышты болады. Сүйкімсіз мазмұнды әсіреқызыл етіп әрлегенмен, кері мағынасын көрсетіп тұрады. Бұл бір жағынан сол үйлесімділіктің беделін түсірсе, екінші жағынан оқырман қауымның қабылдау сезіміне,

эстетикалық талғамына жағымсыз әсер етеді. Демек, кітаптың жемісі болып табылатын үйлесімділік ісі – мазмұнды түсінуге, ұғынуға, қабылдауға негіз болатын дүние. Ұлттық үйлесімділікке қойылатын басты талаптар мен міндеттерді орындамайынша оның тәсілдері туындамайды. Ал талап-міндеттер: автордың кітап мазмұнын айқындап беруі; оқырман назарын аударуы; мәселенің негізін түсінуге ықпал жасау. Үйлестіруші осыларды мәдениетті түрде саясаттық, өнерлік, шығармашылық тұрғыда кітап мазмұнын, бас тақырыптарын, суреттерін оқырманға айқын да айшықты, жарасты, сұлу етіп жасауы қажет. Мазмұнның, суреттің, сызықтың өзара үйлесімділік құруы, ашық орындардың симметриялы болуы да негізгі элементтер болып табылады. Алайда, «үйлестіру үшін тек осылай жасау керек» деген қатып қалған қағида, ереже жоқ. Тек баспа ісінің ұлттық тәжірибесінде қалыптасқан, өмірге сіңісті болған, оқырман қауымның талғамына жол тапқан ұлттық нақыштар, амалдар, әдістер жеткілікті. Мәдениеттегі сабақтастық рухани құндылықтардың тасымалдануымен, үнемі жаңа тарихи жағдайларда ұрпақтардың қоғамдық сапасында жаңғырып, өзектеліп әлеуметтеніп отыруымен байланысты болғандықтан өткен ғасырлардағы әлемдік безендіру тарихының тәсілдеріне көз жіберіп көрелік:

Қолжазба кітаптағы көркемдеулер кішкене көлемдегі нәзік суреттер мен өрнектер арқылы беріліп, сюжетті-қаріптермен толықтырылған. Сол уақыттан әлі күнге дейін келе жатқан өрнектеудің мыналар бар: Беттің басы – кітаптың, не оның бір бөлімінің басына салынатын өрнек, сурет; Аяқтама – кітаптың тарауы мен бөлімдерінің соңына қойылған әдемі сурет, сызба; Инициалдар – кітаптың бастама мәтінінде суреттелген және үлкейтілген алғашқы қаріп; Мәтін алаңдарын әртүрлі оюлармен безендіру.

Ежелгі қолжазба кітаптардың бірнеше нақыштық стильдерін былайша бірнеше топқа жіктеуге болады:

XI-XII ғғ. нақыштар геометриялық немесе өспелі, өрбімелі болып келген. Бұл стиль өзінің қатталған геометриялық пішіндер мен (дөңгелек, шеңбер, төртбұрыш, ромбілер және т.б.) безендірілген қарапайымдылығы мен табиғилығымен ерекшеленетін өсімдіктің кескінін танытады.

XIII-XIX ғғ. оюлар – «құбыжықты» немесе тератологиялық (гректің «терас», «тератос»

– құбыжық дегені) деген атаумен белгілі стиль. Мұнда фантастикалық аңдар мен құстардың (айдаһар, жылан, гриф, жалғыз мүйізді аңдар), ағаш бұтақтары мен қайыспен күрделі күрмеуге оранған адамдардың безендірілуі беріледі. «Құбыжық» оюындағы инициалдарда тұрмыстық себептер де жиі берілген. Мәселен, «М» қарпі бір-бірімен ұрсысып, балық ауын тартын жатқан екі балықшыны, ал «Р» қарпі қоянның сирағын ұстап тұрған адамды безендіреді.

XV ғ. ою – «ширатылған» немесе «тоқылған» деп аталады. Тоқылған өрнек беттің басында шеңбер не тікбұрыштардан тұрады. XV ғасырдың өсімдік оюлары геометриялық кескіндермен көмкерілген гүлдің және өсімдіктің стилін мазмұндайды.

XVI-XVII ғғ. нақыштар – гүлдік немесе шөптік. Шөп пен гүлдердің безендіруімен берілген суреттер реализмге тән (вазадағы гүл шоғы, әшекейленген гүл тізбесі).

Ескі басылымды. Ескі басылымды нақышты заставкада – шөп қарамен, гүлдер ақ алаңшада не шөптер ақпен қара алаңшада салынады.

Бұрынғы кітап көркемдеушілер осындай қарқынмен кітапты безендірген. Мұндай нақыштар қолжазба кітапта қолданыста жүрген. Кейіннен осы қолжазба кітаптағы оюлар кітап гравюрасына мысалға айналған.

Кітапты безендіруге ұлы суретшілер де атсалысқан. Мәселен, XIV ғ. – Феофан Грек, Андрей Рублев. Олар XIV ғасырдың соңы мен XV ғ. басындағы орыс кітап өнеріндегі 4 шедевр – тапсырыс беруші мен оның қожайындары – бояр Федор, Кошка, Богдан, Хитров және Борис Морозовтың алға тартқан атауындағы кітап – Евангелияның авторлары.

XV ғ. соңындағы кітапты безендіруге орыс суретшілері Дионисия мен оның ұлдары Владимир және Феодосия Изографтардың мектебі ерекше әсер етті. Соңғы фамилия атауымен байланысты ескі басылым нақыштары пайда болды. Феодисияның қатысуымен кітап заставкалары, металмен гравирлеу жүзеге асырылды. Кітап ұзақ уақыт жазумен өткізіліп, ақыры қорытындысында жазушы оқырманынан қателері үшін кешірім сұрайды.

Көптеген кітаптардың ақ алаңшасында жазбашының не оқырманның жазбалары сақталған. Онда кітаптың иесі, сатып алушының аты-жөні, бағасы, және т.б. мағлұматтар болған. Русте кітап саудасы болған емес. XV ғасырға дейін кітапты көбіне бір-біріне сыйға тартқан

не алмасқан, ал сату мен сатып алу тығырыққа тірелген жағдайда ғана жүзеге асырылған. Көбіне кітапты саудаға қоюшылар, олар жазбашылар болған.

Ал, көшпелілердің көне бейнелеу өнері тарихы да біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықта басталып, сол дәуірдің V-VI ғасырларында өте жоғары деңгейге жетеді. Сақскиф бейнелеу өнерінің озық өнері осы кезде пайда болған. Табиғатпен тығыз байланыста өмір сүрген көшпелі халықтардың өнер туындыларын жасауға қолданған материалдары – алтын, қола, мыс, ағаш, тас, және мал өнімдері – тері, киіз түрі болған көрінеді.

Адам мен заман қатынасы туралы жаңа көзқарасты қалыптастыру үрдісінде кітап өнері де қолжазба және басылым түрінде талай қилы-қилы жолдан өтті. Кітаптың іші-сыртын нақыштап безендіру стилінде әрқашан заман табы, кітапты шығарушы халықтың әдемілікке көзқарасы айнадағыдай көрініс тауып отырғаны байқалады. Бұл өнер жазу-сызудан басталады. Кітап жазуы оқуға қолайлы, жеңіл болуы үстіне сымбатымен, көркімен көз тартуы тиіс. Қолжазба кітапты шығарушылар, – сонау бума, пергамент кодекс пе, – алдымен каллиграфияға назар аударған (Каллиграфия сөзі әдемі жазу деген мағына білдіреді).

Каллиграфия өнері әр елде шрифт пен жазу құралына сәйкес дамыған. Орта Шығыс елдері қаламын қамыстан жонып шығарса, Еуропа көшірмешілері қолдарына қауырсын қалам ұстаған. Қиыр Шығыс иероглифін қылқаламмен түсірген.

Кеңес үкіметі тұсында кітаптың безендіру өнерінің тарихы да еуропацентризм принципі негізінде дамыды. «Христиандық еуропа өнері – әлемдік мәдениеттегі озық үлгі саналды. Ал басқа ұлттың көркемдік сипаты еуропалық критериймен бағаланғаны» рас.

Ал араб графикасы аймағындағы елдерде жазу орнаментке, ою-әшекейге айналып кетіп отырған. Каллиграфия шеберлері жазуларын белгілі рәмізге айналдыруға, шығарма мазмұнын, тіпті өз көңіл күйлерін білдіруге тырысқан.

Араб зергерлерінің даңқы кітап авторлары даңқынан кем болмаған. Бағдат шаһарында қолданылатын насхи шрифтінің шеберлері Ибн Муқла (X ғ.), Ибн Бавваб (XI р.), Якут Мустасими (XIII ғ.), насталик шрифтінің мініскерлері Мир Әли Тебризи (XVI ғ.), Султан Әли Меш-хеди (XV ғ.) Мир Әли Харави, Шах Махмуд Нишапу-

ри, Ахмед әл-Хусейни (XVI ғ.) есімдері жазба кітап тарихында алтын әріппен жазулы.

Кітап жазуы бірте-бірте хат не іс жазуларынан бөлектеніп, әсемдігімен, баданадай айқындылығымен ерекшеленетін. Орта ғасырда кітап кодекстік принцип бойынша түптелді. Бұрышы таспалы буманың тұтасқан композициясын әр беттен керек жазуыңды оңай тапқызатын тұйық беттер композициясы ауыстырды. Орта ғасырдың кодекс типті кітабы бұрын-соңды шыққан кітаптардың бәрінен өзінің сәнді сипатымен айрықшаланды. Мұқабасы терімен тысталған не металмен әдіптелген және небір қымбат асыл тастармен әшекейленген мұндай кітаптар қолөнерлік қасиетімен, қалыңдығы көлденеңінен асып түсетін зілдей ауыр салмақтылығымен ерекшеленді. Мұны ресейлік ғалымдар кітап беттерін парақтағанда кестеше төгілген әшекейлі инициалдар, заставкалар еріксіз көз тартады. Оған қосылған сұлу жазу бұл кітап беттерін даусыңды мәнерлеп, созып оқуға икемдейтін – деп жазды.

Баспа кітаптары, жазба кітаптардан өзгеше, ат төбеліндей шағын топқа емес, қалың көпшілікке арналады. Сол себепті оның безендірілу мәнері де өзгерді. Кітап оқу жеңілдене түсті. Қағаз – ақ, шрифт – қара. Осы көрік алаңдық мәтін ажарын ашады. Түсіндірме, көрсеткіш керек кезінде оңай табыла қалады. Кітаптың титулдық беті анықтамаға толы. Аллегориялық тұлғалар бейнеленген фронтисписте (титулдың оң жақ беті) арка суреттелген. Ол кітап ішіне бастайды.

Ал ұлттық кітаптарымыздағы бір ерекшелік, мейлі қолжазба кітап болсын, мейлі баспа кітап болсын, қазақтың ою-өрнектері еркін пайдаланылып келеді. Жай қарапайым гүлдің суретін салса да, соның бір көрінісі ұлттық бояуды, ұлттық нақыштарға келіп тұрады. Бұл ұлттық нақыштар, оюлар – қазақтың тілі сияқты біздің қазақ екенімізді көрсететін тілімізден кейінгі екінші белгіміз. Қазақ оюларының тарихы жайында Ө. Жәнібеков: «Оюдың жапырақты түрлері Қазақстанға, Алтай, Оңтүстік Сібір аумақтарына таралған, әсіресе, оюдың төрт жапырақты түрлерінің ерекше маңызы бар. Бұл төрт жапырақты композиция ғұндар, қыпшақтар арқылы біздің заманымызға дейін жетті, кейіннен қазақ, қырғыз оюларына негіз болды» деп жазады. Расында қазақтың ою-өрнегі көркем ойдың және оның икемді баламасы – түрдің ғасырлар бойы белгілі бір тәртіппен дамып келгеніне байланысты өзіндігі мен

өзгешеліктерін сақтап, бізге жеткені мәлім. Онда елдің тектестік жағынан қалыптастыру кезеңін меңзейтін жайттар да жоқ емес. Мысалға алсақ, көне түркілердің түсінігі бойынша құс – көктің, балық судың, ағаш – жердің белгісі болған екен. Ал олардың қазақ ою-өрнегінің мақлұқаты, нәубетаты, ғарыштаты, тіке сызықты, нышандық, танымдық т.б. сарындарының мазмұнын байыта түскені белгілі. Мұны жете түсінген халық шеберлері ою-өрнектегі тепе-теңдікті қолтума өнердің түр-түріне пайдалануда қалыптасқан айқындықты қатаң сақтап, мінсіздікке жеткен болса, қазіргі сәулеткерлер оған жеңіл-желпі қарайтын болып алған. Үйлесім келсін-келмесін қошқар мүйіздің кез-келген тұстан көріне салатыны осыдан. Мұнда да бір жүйе керек сияқты. Әрине, жүйесіз дүниенің оғаштығы өз алдына, ұлтымыздың құнын түсіріп жібермейміз бе деген ой туады? Сол үшін ұлттық үйлесімділікті ұлтының қадір-қасиетін бағалай білетін, одан хабары мол маман жасауымен қатар, қарапайым оюдың өзіндегі қажетті басты шарт – тікесіндегі және көлденеңіндегі симметрия, пропорция, ритм, композицияның белгілі тәртіппен орындалуын, сонымен қоса түс үйлесімін табуы қажет. Негізінен осы қазақы ою-өрнек қазіргі қазақ кітаптарының «қазақы» сипатын анықтауда жетекші рөл атқарып отырғандығы сөзсіз. Жалпы «қазақ мәдениетінің дәстүрлік уақыты оның ұлт болып қалыптасуымен және өзіндік төл мәдениеттің пісіп-жетілуімен байланысты. Қоғамдық өмірдің демократиялануы, ақпарат құралдарының цензурасыз еркін әрекетке көшуі Қазақстан Республикасында кітаптардың, соның ішінде қазақы мәдениетті дәріптейтін қазақ кітабының көбеюіне де мол мүмкіндіктер ашты. Кеңестік дәуірдің идеологиясына бас ұрған тоталитарлық құрылымның келмеске кеткенін, еркін сөйлеу, еркін ой айту бүгінде қазақ елінің демократиялық ажары мен кескінін танытар, мәдениетін көтерер басты кредосы болып отыр. Коммуникация кәсіпорындарының жаңа жетістіктеріне сәйкес оқырман қауым кітаптардың қай түрі болса да мәдениет саласынан да, басқа салалардан да мол ақпарат алатын болды. Техникалық және шығармашылық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, қазақ кітаптары қазіргі таңда оқырмандардың ең жоғарғы сұранымдарын қанағаттандырарлық деңгейге көтерілді. Қолдан жасалған, яғни мәдени істің бәрінде мін бар, мінсіздік табиғатқа жарасымды. Демократия да адам баласы ойлап

тапқан мәдени шара болғандықтан, оның алдымен ізгілікке үйлесімді болғаны табиғи іс.

Бір кездері Қазақстан кітаптары көркемделу жағынан Одақ көлемінде ауызға ілініп жүрсе, осы соңғы үш-төрт жылға дейін мұқабасының өзі компьютерлік коллаждармен әлем-жәлем жапсырмаланған «кірпіш» кітаптар қаптап кеткен болатын. Тіпті, көркемдік безендіруді былай қойғанда, техникалық безендіру де ұмыт қалып, автордың дискетпен әкеліп берген нұсқасымен кітаптардың шығуы белең алды. Тұрымтай тұсына, балапан басына дегендей күй кешті. Шындығында, өтпелі жылдарда қазақтың мәдениетін жоғары көтеретін оқырманды сүйсіндірер, әсем безендірілген кітаптарды жарыққа көптеп шығару, қалың жұртшылықтың игілігіне жарату шешуі аса қиын түйіннің біріне айналғаны белгілі. Қазақ кітаптарын безендіруде, оқулықтарды көркемдеудегі өрескел сорақылықтар жайында қоғамдық пікір қозғалыс тудырған болатын. Кітап құр тауар, оны безендіру табыстың көзі ғана емес, онда ұлттық саясат, идеология, ежелгі бабалардың уәзипасы сынды салт-дәстүр, рух, намыс пен өршілдік көрініс табуы керек екендігі қазір мүлдем айқындала түсті. Өкінішке орай, қазақ кітаптары Германиядағы халықаралық, сондай-ақ, Мәскеу халықаралық кітап жәрмеңкелерінің жүлделі орындарын, медальдарын үнемі жеңіп алып кеп жүрген жылдар ұзап бара жатыр. Кітап графикасы деңгейінің соңғы жылдары күрт төмендеп, сөрелерді сүренсіз, кәсіби сын көтеруі қиын кітаптардың жаулап алуы жекеменшік сансыз баспалардан топырлап шыққан көптеген кітаптарды безендірудің сапасыздығынан ғана емес, шыны керек, қазақ кітабын көркемдеу дәрежесін биік деңгейге көтерген кәсіби суретші графиктердің көбінің өз істерінен шеттеп қалуынан да еді. Яғни, кәсіби талап деңгейінің өзі айтарлықтай төмендеді. Ал сапалық, көркемдік деңгейі мүлдем төмен кітаптар – мыңдаған адамның көркемдік қабылдауына тікелей әсер ететін болғандықтан, оқырмандардың талғам таразысын төмендетті.

Қоғамымыз рухани жаңарудың кемел келешегіне түбегейлі бет бұрған қазіргі таңда кітаптың тәрбиелік, ағартушылық, насихаттық әсері ерекше мәнге ие болып отыр. Кітап ғибратынан халқымыз қайта құру заманының көшелі ой-түйіндерін, жаңарған бағдарын көргісі келеді, одан өзіне жан азығын іздейді. Ойлы, көркемдік кестесі айшықты, көкейкесті

мәселелерді жедел көтеріп, тарихи тағдырлар шежіресін шынайы, саралап көрсететін шығармаларға сусап отырғаны да осының бір айғағындай. Талғамсыздық конвейеріне қадарихал тосқауыл қою үшін көркем безендірілген кітапты жақсы маман-суретшілермен жасау керек.

Әр автордың жақсы кітап шығарудағы ерекшелігі мәдени сұлулығында, қарапайым адамның көзіне көріне бермейтін тылсым құпиялылығында, сонымен бірге болуы мүмкін істі алыстан байқар көрегенділігінде. Ол үшін парасатты болмыспен таптаурын әдістен мүлде бөлек, соны сүрлеу салып, асыл ойларды іздеп, заман ағымын басқаша бағалап, сол қазыналарға шынайы төрелегін беруі парыз. Осыны басты ұстаным ретінде алып отырса, онда оның кітабын оқырман әділдікпен талдау жасайды.

Кітап өнері ұлттық ой-сананың, терең теориялық мағыналы ұғымдардың бірі. Қазақ кітап өнері ұлт өмірінің бар саласына тікелей

қатысты, байланысты. Сол себептен де мәдениет мәселесінің маңызды буындарының ішінде ұлттық кітап пен ұлттық мәдениет арақатынасы ерекше рөл атқарады. Ұлттық кітап ұлттық мәдениеттің субъектісі де, объектісі де болып табылады. Ұлттық кітап пен ұлттық мәдениеттің бірлігі шартты, олар бір-біріне қарсы емес, қайта ұлттық мәдениеттің дамуына ұлттық кітап әсерін тигізсе, ұлттық мәдениет те ұлттық кітаптың мәдени түр алуына жағдай туғызады. Ұлттық кітап сипаты оның мән-маңызынан, мәдениетінен туындайды. Олай болса, ұлттық қатынастардың жемісі ретінде ұлттық кітаптың ұлттық мәдени қазынадан нәр алмауы, оны көркейтп, мазмұнын байытуға қатыспауы мүмкін емес. Сонымен бірге ұлттық кітап пен ұлттық мәдениеттің өзара байланысының сипаты қоғам құрылысына қарай өзгеріп отырады. Ұлттық кітап өнері қоғамдық қатынастар мен мәдени, рухани көзқарастың нәтижесі.

Әдебиеттер

- 1 Сәрсенбаев А. Кітап: тәуелсіздік пен демократия тұғыры. – Алматы, 1998. – 160 б.
- 2 Жиреншин Ә.М. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 172 б.
- 3 Исмаилова Ә.М. Искусство оформления среднеазиатский рукописной книги. – Ташкент, 1982. – 318 с.
- 4 Құл-Мұхаммед М. Кітап – руханият қайнары // Қазақ әдебиеті. –2002. – 12 сәуір.

References

- 1 A. Sarsenbaev Kitap: Tauelsizdik tugyry stilo democratia. – Almaty, -160 b.
- 2 Zhirensin Ә.М. Kazak kitaptary tarihyнан. – Almaty: Kazakhstan, 1971j.
- 3 E.M.Ismailov Nullam metus mi es liber. – Tashkent, 1982.-318b.
- 4 M. Kul, Muhammed Kitap – Rukhaniyat kaynary // Kazak әdebieti. -2002. – Sәuir.